



№14 (603)
10 сәуір,
2025 жыл



АҚПАРАТТЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРУ — халық алдындағы БАСТЫ жауапкершілік

Ақпараттың тасқыны қазір бізді қоршағаны рас. Күніне миллиондаған мәлімет қолымызда, көзіміздің алдында екені хақ. Бұл ақпараттың шынайылығын қалай анықтай аламыз? Қоғам қаншалықты өзге адам алдындағы жауапкершілікті сезіне алады? Осы сұрақтар бізді таңғажайып жылдамдықпен өзгеріп жатқан әлемде күн сайын мазалайды. Қазір журналистика саласындағы ең танымал жанрдың бірі – ақпаратты тексеру. Фактчекинг – шынайылықты қорғаушы, жалғандықты әшкерелеуші сенімді құрал.

Ақпарат дегеніміз – күмәнді ақиқаттың үстінен кеткен көлеңке десек болады. Бұл сөз ақпараттың өзектілігі мен шындыққа деген қажеттілікті анықтайды. Ақиқат жолында фактчекің алға қойған мақсатқа жетудің басты құралы.

Фактчекинг – бұл тек ақпаратты тексеру ғана емес, ақпараттың сенімділігін қамтамасыз ету. Әрбір мәлімет, жаңалық немесе мәлімдемесіңіздің шығу тегін, дереккөзін анықтау арқылы ғана құнды бола алады. Алдымен ақпараттың қандай дереккөздерден алынғанын білу, оның шынайылығын түсінуге көмектеседі.

«Сенімді ақпарат – тыныштықтың алтын кілті», – дейді бір ойшыл. Бұл ақиқат адамзаттың ақпараттық ағымдарының арасында адаспай, шынайы жолмен жүріп, дұрыс шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Қазір ақпарат жылдам әрі тұрақсыз түрде таралып жатқанына қарамастан, фактчекіңнің міндеті – әрбір деректі тексеріп, оның дұрыстығын қамтамасыз ету.

3-бетте

ТӘТТІ ТҮТІННІҢ ТҰЗАҒЫ

Бір сәт айналаға көз салыңыз. Жан жақтан көктемгі ауаны қақ жара будақтаған буды байқаймыз. Ал ол – қытымыр қыстағы мұржандан шыққан түтін емес, шай емес, қазан да емес. Бұл – жастардың өкпесінен шыққан вейптің түтіні. Иісі тәтті, өзі ащы. Дәмі мың құбылғанымен, салдары біреу. Құмарлық.



Электронды темекі, вейп, шылым... Қандай сәнді ат қойсақ та, бұл – никотиннің неғұрлым заманауи, неғұрлым тартымды, бірақ сол бұрынғыдай қауіпті түрі ғана. Бүгінгі жастардың құлағына алтын сырға емес, аузына вейп ілінеді. Ол да бизнес. Бірақ оның табысы денсаулықтың есебінен жиналады. Айдың-күннің аمانында ата-ана баласына телефоннан бұрын вейптің иісін сезіп, үрейленетін күн туды.

ӨМІРДЕН БІР ҮЗІК...

Жастар мәселесін жиі жазып, түрлі тақырыпта қалам тербейтін «Ақмешіт жастары» ұжымы бұл мәселеге бірнеше рет тоқталды. Дегенмен газеттің осы санында да жазуды жөн көрдік. Себебі біз жүздескен кейіпкердің айтары көп. Өзін «Әділет» деп таныстыруды сұраған 21 жастағы костанайлық жігіт қазір Астанадағы оқу орнында 4 курс оқиды. Сұхбат басында «Темекімен «таныстығым» 11-сыныпта басталды» деді ол.

– Құрдастарыма қарағанда «еркін» немесе «ер жеткен» болғым келді ме, әлде бір сәттік қызығушылық па, білмеймін. Бірақ сол кезде алғаш рет темекі тұтатқаным еш мән бермедім. Жасым бар жоғы он алтыда еді. Әрине, басында қызық көрдім. Кейін ол дағдыға, әдетке, тіпті тәуелділікке айналды. Оны тек 1 жыл өткен соң байқадым. ҰБТ қарсаңында жүйкем әбден жұқарып, күніне 6 тал темекі тартатын болдым, – дейді Әділет.

«Қызық, 16 жастағы баланың шылымның шырмауығына байланғанын ата-анасы байқамады ма, тым құрғанда иісін сезбеген бе?» деген сауал сананы мазалағанын кейіпкердің өзі сезді ме, бірден отбасы туралы айтып берді.

– Отбасымда 3 ұлымз, мен ортаншы баламын.

Сабағым, не киіп, қайда жүргенім ешкімді алаңдатпайтын. Себебі мен өзімнен өзі жүретін бала едім. Мектепте де бұзықтығым болмайтын, бір ізбен ғана жүретінмін. Тіпті сабағымды өте жақсы оқыдым. Тек жасөспірім шақта осы шылымды бастадым. Ал үйдегілер мұны білмейтін. Мұндайда білдірмеудің түрлі амалын табады екенсің. Онымен қоса ағам Алматыда оқитын, ал інім әлі кішкентай. Сондықтан менің жүріс-тұрысымды қадағалайтын ешкім болмады.

Әкем 15 күн қалада, 15 күн екінші жұмысында

Ақтауда жүретін. Ал анам азаннан кешке дейін жұмыста, есепші еді. Өзім қожам, өзім би болып жүрген кезім еді ғой...

4-бетте



ТҮН

ЖАМЫЛҒАН ҚЫЗУ ТІРЛІК

Түн тыныштық пен тынығудың уақыты болғанымен, бұл мезгілде де тыным таппай еңбек ететін, елдің амандығы мен қауіпсіздігін күзететін жандар бар. Көбіміз оларды көрмейміз, тіпті ойға да алмаймыз. Себебі біз ұйқыға кеткенде, олар қызмет бабымен жүреді. Жедел жәрдем – науқасқа дер кезінде жетіп, өмірін құтқаруға тырысса, полиция – түн тыныштығын бақылап, оқыс оқиғалардың алдын алады. Ал баспаханада басылған таңғы газет – ертеңгі жаңалықтарды көз ілмей дайындаған адамдардың еңбегі.

ТҮН ТЫНЫСТАҒАНМЕН, ТІРІШЛІК ТЫНШЫМАЙДЫ

Қараңғылық құшағында ел ұйқыға кеткенде, жұмыс бабында көз ілмей, ел қамы үшін тер төгетін бірнеше қызмет түрі бар. Олар – түнгі тыныштықтың шырақшылары. Жұрт бейқам тынығуы үшін олар таңды көзбен атырады. Мұндай еңбек – «көріңбес күннің» ауыр жүгі, ал сол жүктің иесі нағыз жанкешті. Осындай жауапкершілігі ауыр жұмыстың бірі – полиция қызметкері болу. Алғашқы кейіпкеріміз Олжас Османов бұл жұмыста төзімді, шымыр әрі сергек болудың қаншалықты маңызды екенін атап өтті.

2-бетте



ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ СПОРТТЫҚ ТРЕНДІ:

КИБЕРСПОРТ ПЕН ОЙЫН ИНДУСТРИЯСЫ

Ежелден «асық ойнаған азар, доп ойнаған тозар» деген бабалы сөз бар. Мағынасына мән берсеңіз қой баққан, яғни еңбек еткен азаматтың асығы алшысынан түсіп, замандастарынан оза шабатынын өсиет ретінде қалдырған. Расында, еңбектің наны тәтті. Алайда жастардың пікірінше, қазіргі уақытта бұл мақалдың мәні кетпесе де, жасөспірімдердің санасына әсер етпейді дейді. Себебі заман талабы өзгерген. Асық атқан азаматымыз шетел асса, ал халық доп қуғандардың қалтасын санап әлек... Бұдан бөлек, ғаламтордың қарыштаған уақытында еңбектеген сәбидің өзіне «жұлдыз» болуға мүмкіндік берілген. Бұған отбасын асырап, «Желі жұлдыздары» атанған оқушылар дәлел... Ал енді бірі күнін ұйқымен, түнін компьютерлік ойындарда өткізетін жастарды сынға алса, ал жастардың пікірі керісінше. Заман талабына сай жаңа технологиялар мен цифрлық әлемді меңгеріп, осы салада табыс табуды мақсат етеміз дейді.



ЖҰМЫС БАР, ЖҰМЫСШЫ ЖОҚ...

Сараласаңыз, әкімшіліктің табалдырығын ата-аналар тоздырған. Балаларына тұрақты жұмыс іздеген шешенің жан-айқайы мен баланың мақсаты мүлдем жанаспайды. Мәселен, Қызылорда өңірінің өзінде тоқсан сайын «Мүмкіндіктер керуені» атты ауқымды шара ұйымдастырылады. «Облыстық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өтетін бұл шараға 1000-ға жуық жас қамтылады. Бірі кәсіптік бағытта кеңес алуға келсе, келесі бірі жұмыс іздеп келеді» дейді «NEET» санатындағы жастармен жұмыс жасау бөлімінің басшысы Динара Жылқышыева.

7 - бетте

ТҮН ЖАМЫЛҒАН ҚЫЗУ ТІРЛІК

– Біз кешкі сағат 21:00-ден таңғы 09:00-ге дейінгі уақыт аралығында түнгі ауысымда қызмет атқарамыз. Осы мезгілде түскен түрлі хабарламалар бойынша оқиға орнына шұғыл жетіп, қоғамдық тәртіпті сақтау, құқық бұзушылықтың алдын алу, азаматтардың тыныштығы мен



қауіпсіздігін қамтамасыз ету бағытында жұмыс жүргіземіз.

Мереке күндері де күшейтілген режимде қызмет аткарып, демалыссыз жұмыс істейміз. Отбасымызға уақытты мерекеден кейін бөліп, сол кезде демалуға тырысамыз. Бұл – біздің кәсіби міндетіміз әрі қоғам алдындағы борышымыз.

Түнгі мезгілде құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін біршама жұмыс атқарылады. Көбіне қоғамдық орындардағы тыныштықты бұзу, алкогольдік ішімдік ішкен азаматтардың мазасыздануы туралы хабарлама жиі түседі. Мұндай жағдайда біз оқиға орнына дер кезінде жетіп, халықтың тыныштығы үшін тиісті шараларды орындаймыз.

Осы сәтті пайдалана отыра, халықтың түнгі уақытта тыныштығы сақталп, заң таластарына бағынуға шақырамын. Бұл – өзіңіздің ғана емес, өзгелердің де тыныштығы мен амаңдығы үшін маңызды. Қоғамда тәртіп пен тыныштық – әр азаматтың ортақ жауапкершілігі, – дейді.

Қызылорда Полиция Басқармасының ЖПҚБ-нің ППБ-ның қызмет инспекторы, полиция капитаны Олжас Орынбасарұлы.

Жанқиярлықты талап еткен мамандық

Иә, түн сакшыларының мойнына артылған жауапкершіліктің қаншалықты ауыр екенін сіз де, біз де білеміз. Тіршілік күн сәскеден сығалап немесе сәулесі көкжиекті сыза төмен түскенде де саябырсымайды. Түнгі уақытта тек полиция қызметкерлерінің ғана емес, сондай-ақ ақ халатты абзал жандардың да жұмысы екі еселене түседі. Бұл туралы қызыл кепііктеріміз Анар Қожахметова атап өтті.

– Әйел адам үшін түнгі ауысымда жұмыс істеу – оңай іс емес. Көңіл үйде, ойы – балашағаммен. Жұмыста жүргенде де, жүрек үнемі үйдегілермен бірге соғады: «балаларыңы тамақ ішті ме екен?», «сабағың орындады ма екен?», «үйде бәрі жақсы ма?» деген сауалдар көкейден кетпейді. Кейде сол бір үңсіз түнде, сәл тыныштық орнаған сәтте, балапандарыңды сағынып, жүрек шың ем қалады...

Бір үміт – бәріміз бір үйде боламыз деген ой ғана ішті жылытатындай. Бірақ ол үміттің өзі де көбіне орындала бермейді. Себебі бұл қызмет – уақытпен емес, халықтың амандығымен өлшенеді.

тойлауға, туған күн атап өтуге аса құмар емесіні. Себебі ауысыммен жұмыс істеу бұл мүмкіндікті жиі бере бермейді. Бірақ мен бұған ренжімеймін. Керісінше, халқымның жанында, елдің тыныштығын күзетіп жүргенім шүкір деймін. Жүрегім «Елімі!» деп соғады. Бұл – менің тандаған жолым, тағдырыма айналған мамандығым.

«Жаңа жыл» секілді үлкен мерекелерде көпшілік отбасының жанында болғысы келеді. Ал мен, керісінше, дәл сол күндері жұмыста болғанды қалаймын. Нәсіл-тен екенін өзім де білмеймін – бірақ жүрек соны қалайды. Бұл қызметке, бұл жолға әбден бейімделіппін. Қазір кейде ойлаймын: «Таңертең барып, кешке қайтатын жұмысқа шыдай алмайтын шығармын» деп. Себебі мен осы қызметте 2013 жылдан бері, міне, 12 жыл бойы ауысыммен еңбек етіп келемін.

Отбасым да үйренді. Балаларым кейде: «Анашым, бүгін күндіз жұмысқа барасың ба, әлде тәулікке ме?» деп өздері сұрап отырады. Бұл – менің отбасымның түсіністігі мен қолдауының көрінісі деп білемін. Олар менің бұл жолымды қысқылдады, мені әрдайым қолдап келеді. Сол үшін де оларға алғысым шексіз.



Иә, түнгі жұмыс оңай емес. Бірақ халық үшін, ел үшін, «жаңа өмір» үшін қызмет ету – менің өмірлік миссиям, – дейді облыстық медициналық жедел жәрдем станциясы оперативті бөлім аға дәрігері Анар Ерәлиқызы.

Қара бояуға боялған ақ адал еңбек

Келесі кейіпкеріміз – баспа ісінің жана-шыры, оқырман қолына тиіп отырған газетті жарыққа шығару жылында талай жыл тер төккен Бақыт Каимов. Бұл салаға сан жылын арнаған бастауашының елеулі еңбегі көп жасқа үлгі болмақ. Оның жүрек түбінен шыққан шынайы лебізін әрлеп, әр сөзін әсемдеудің еш қажеті болмады. Себебі ақ адам ниетпен айтылған әрбір сөзі мағынаға толы болды.

– Мен бұл еңбекті жан-тәніммен сезініп, жүрек қалауымен қабылдадым. Әскерден келген соң, 21-22 жасымда баспа саласына досымның қолдауымен қадам бастым. Алғаш келген кезімде мұнда көбіне өзге ұлт өкілдері жұмыс істейтін. Мен – бірінші қазақ қызметкер едім. Жалақысы мардымсыз болды ма, әлде жұмыстың ауырығы ма, білмедім, көп адам бір-екі айда кетіп жұмыстан шығып кетуші еді. Қызғыс сол, бұл жағдай әлі де өзгермеген: бүгінде де бар-жоғы екі-ақ адам жұмыс істейді.

Менің сол кездегі басшым да менің ұзақ тұрақтамайтынымды болжап еді. Бірақ бұл сөз менің ішкі намысымды оятып, керісінше, жігерімді жандыра түсті. «Көр де тұр!» деген ішкі тылсым сенім мені осы салада ұстап қалды. Сол сәттен

бастап маңдай теріммен тапқан адал еңбек
өмірлік жолыма айналды.

Түнгі ұйқының орнын ештеңе толтыра алмайтынын барлығымыз білеміз. Бірақ бұл жұмыс ұйқыға қарамайды. Талай рет түрегеп тұрып көз шырымын алған кездерім болды. Ал қолымыз қап-қара бояудан арылмайтын. Қоғамдық көлікке мінгенде көмір тасушы сияқты күйіп кешетінбіз. Алақаныңды қалтаға тығып, ұялатыңсың. Бірақ өз ісіне деген махаббат пен еңбекке деген құрмет бұл ұятты көлеңкелеп тастайтын.

Көпшілік үшін газет – жай ғана оқылатын ақпарат көзі ығырар. Бірақ оның ар жағында каншама адамның тынымсыз еңбегі, қыруар күші, түн ұйқысын төрлеу болген, майға малынған алақаны жатыр. Иә, мақаланы біреу жазар, оны басқа біреу таратары анык. Ал біз – сол газетті жарыққа шығаратын соңғы әрі ең маңызды буынбыз. Бояудың тепе-теңдігін, паракын сапасын, қиылған жиегінің түзу болуы – бәрі біздің мойнымызда. Қате кетсе, бәрін еңбегің заа кетуі мүмкін. Бір тетікті дұрыс баспай қалсаң, 5-6 сағаттық қайта басу мен түзету сені күтіп тұрады. Уақытпен санаспайтын, шыдам мен жауапкершілікті талап ететін нағыз ауыр еңбек осы.

Бірақ мен ешқашан өкінбедім. Бұл мамандықтың адаспай таңдадым деп нық айта аламын. Жылдар өте келе тәжірибе мен сезімталдық арта түсті. Газет шығаратын мәшиненің дыбысынан-ақ қай жерінде ақау барын аңғаратын дәрежеге жеттім. Уақыт пен еңбек өз жемісін берді: қарапайым жұмысшдан басшылық қызметке дейін көтерілдім. Еңбектің өтеуі бар екен. Бүгінде баспа саласынан кетпей, әлі де жаныммен беріліп еңбек етіп келемін.

Баспаханашы болу – көзге көрінбейтінін ауыр еңбек. Бірақ бұл – қоғам үшін, халық үшін, сөз бостандығы мен ақпаратталары үшін үлкен жауапкершілік. Менің әрбір шыққан газетке өзімнің жанымды, терімді, уақытымды қосқандай сезінемін, –



дейді ASU баспа үйінің өндіріс меңгерушісі
Бақыт Каимов.

Иә, жалғастыра берсек, түнгі «қаһармандардың» қатарын әлі де толықтыруға болар еді. Шаттыққа толы мәз мейрамда да, қараңғы басқан қалы түнде де, үсірік аяз бен аптаған ыстықта да еңбек ететін жандар сыны аз емес. Мәселен, күзет қызметі, авиация саласы, төтенше жағдайлар қызметкерлері, наубайханашы да көленкеде жүріп, жарықтың шырағын жаққан жанкешті мамандықтардың бірі. Барлығының мақсаты – халықа қызмет ету. Ал біздің міндетіміз – олардың еңбегін елеп, мерейін үстем ету екенін естен шығармаңыз!

Нүршат НЫШАНОВА

Қоғамда бір дүние кеңінен тарап, халықтың назарын аударса, оны «тренд» деп атаймыз. Әлеуметтік желіде, сәнде, музыкада, өмір салтында трендке ілесу – бүгінгі күнделікті көрінісіне айналды. Біреулер оны уақытша қызық көреді, енді бірі өмірлік ұстанымға айналдырады. Дегенмен оған тек сын көзбен қарау, оны теріс қабылдау – біржақты пікір. Себебі трендтің де тәуірі бар.

ТРЕНДТІҢ ДЕ ТӘУІРІ БАР



Тренд – бұл заман тынысы. Ол – қоғамның қызығушылығын, құндылығын, кейде тіпті қажеттілігін білдіретін құбылыс. Әсіресе технология, денсаулық, білім, экология сынды салалардағы трендтер адамдардың өмір сапасын жақсартуға ықпал етеді. Мәселен, кейінгі жылдары сәнге айналған «салауатты өмір салты», «менталды денсаулық» ұғымдары жастардың өз денсаулығына, күйзеліс деңгейіне, ішкі жан дүниесіне көңіл бөлуіне жол ашты. Бұл бұрын-соңды назардан тыс қалған маңызды тақырыптардың қайта қаралуына мүмкіндік берген он үрдіс.

Кейде трендтер қоғамның түйткілді мәселесін алдыңғы қатарға шығарады. Мысалы, әлеуметтік желілердегі «Таза әлем», «Айналаны таза ұстайық», «Өр адам – тұлға» сынды қозғалыстар белгілі бір топтардың мәселесін ашық айтуына түрткі болды. Олар арқылы адам құқығы, теңдік, қоршаған ортаға жанашырлық сияқты мәселелер күн тәртібіне шықты. Мұндай трендтер – қоғамның мәдени деңгейін өсіретін, ортақ жауапкершілік пен сергектікке жетелейтін онәсерге не бағыттар.

Сонымен қатар жастардың тілін табудың, олармен ортақ тақырыпта сөйлесудің де құралы. Бүгінде Z ұрпағы трендке өте еліктегіш. Алайда оларды тек «телефонға» телміріп, TikTok қарап отыр» деп кінәлау нәтижесіз сын. Оның орнына жастардың қызығушылығын оятып, сол трендті дұрыс бағытқа бұру маңызды. Мәселен, блог жүргізу, подкаст түсіру, әлеуметтік желіде пайдалы контент тарату сапалы дүние жасауға болатынын көрсетеді.

Тағы бір жағымды жағы – жаңашылдыққа бейімділік. Ол адамның

ескі, қалыптасқан стереотиптерден арылуына жаңа дүниелерге ашық болуына ықпал етеді. Заманауи адамның басты қабілеттерінің бірі бейімделе білу болса, бұл қасиетті дамыту үшін трендтермен таныс болу, оларды сараптап, пайдалысын алу – заман талабына сай әрекет.

Әрине, кез келген трендті сүзгіден өткізіп, оның артықшылығы мен зиянын ажырату қажет. Бұл тіпті әр адамның жауапкершілігі. «Мұны бәрі істеп жатыр екен» деп ойланбастан елiктеу адамды өзiн жоғалтуға апаруы мүмкiн. Сол себептi сыни көзқараспен, оң пікірмен де қарап, оны өз өмірімізге бейімдеп қабылдасақ, пайдалы жағын ғана ала аламыз.

Наурыз айының соңында әлеуметтік желіде кеңінен тараған видеолар жайлы да айтуға болады. Қазір жасанды интеллект көмегімен түрлі фото, бейнеролик жасау трендке айналды. Оның әсері біздің тарихтан да айналып өтпеді. Instagram-да қазақтың бұрынғы купоралары ЖИ көмегімен қайта «тірілді». 10, 20, 50 100 тенгелерде бейнеленген Абылай хан, Әбілқайыр хан, Абай Құнанбайұлы, Шокан Уәлиханов пен Жамбыл Жабаев сынды қайраткерлердің ЖИ қайта жасап шықты.

Қорытындылай келе, трендтің де тәуірі бар деген сөз – тек жай тіркес емес, заманауи адамның өмірлік ұстанымына айналуы тиіс ой. Әр дәуірдің өз тынысы бар. Ал бүгінгі заманның тынысы – тренд. Оны терістеудің орнына, дұрыс түсініп, оң мақсатқа пайдалансақ – трендтің өзі де тәрбиелік құралға, даму тетігіне айнала алады.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата
атындағы Қызылорда
университетінің
студенті

Басы 1-бетте



АҚПАРАТТЫҢ ШЫНАЙЫЛЫҒЫН ТЕКСЕРУ – ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ БАСТЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК

Медиасауат – ақпараттың неғұрлым терең мағынасын түсіну, оның логикасын ашу және жалғандықты бөлу қабілеті. Бұл қабілет әрбір азаматтың ақпараттық қоғамда сауатты болуының негізі. Бүгінгі таңда ақпараттық ағындарға тап болғанда, фактчекинг шынайы деректерді ғана таңдауға көмектеседі. Кез келген қоғамда медиасауат пен фактчекинг үйлесім табуы керек, себебі олар шындықты ұстануға, жалған ақпараттың қоғамға әсерін азайтуға мүмкіндік береді.

Ақпараттың шынайылығы – ол адам жүрегінде мекен тауып, ойында мәңгі қалатын көркем шындық екенін ұғыну қажет. Ақпараттың тексерілген болуы оның өмірдегі маңыздылығын арттырады.


Жалпы, фактчекингтің тарихы тереңде жатыр. Бұл әдіс өткен ғасырдың ортасында саяси немесе қоғамдағы маңызды тұлғалардың мәлімдемелерін тексеру мақсатында пайда болды. Бастапқыда фактчекинг тек саяси жаңалықтармен және үкіметтің шешімдерімен байланысты болса, бүгінгі күні ол әлемдік ауқымда барлық ақпарат түрін қамтиды. Әлеуметтік желілер мен интернеттің қарқынды дамуы фактчекингті маңызды құралға айналдырды.

Бір адамның сөзін шынайы деп қабылдау – сенімнің ең бірінші қадамы болса, ал оны тексеру – нағыз ақиқатқа жол. Бүгінгі қоғамда ақпараттың шынайылығын тексеру, дәлелденген деректермен салыстыру қажет. Әлеуметтік желілерде жиі таралған жаңалықтар, мемдер мен сілтемелер өздігінен шынайы болмауы мүмкін. Фактчекингтің міндеті – қоғамға тек шынайы ақпаратты ұсыну. «Ал енді онымен қалай жұмыс істей аламыз?» деген сауалға тоқталас.

1. Ашық дереккөздермен жұмыс

Ашық дереккөздер – ақпараттың сенімді және тексерілген көзі.

Бұл ақпаратты тексеру кезінде ресми сайттар, үкіметтік порталдар, халықаралық ұйымдардың мәліметі пайдаланылады. Egov.kz, Stat.gov.kz, Qamqor.gov.kz сияқты сайттар, ашық дереккөздер ретінде әрдайым сенімді.



Әлеуметтік желілердегі ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін осы ресми дереккөздерді қолдану маңызды.

2. Ақпаратты контексте тексеру

Ақпараттың тексерілуі оның контекстінде жүзеге асырылуы тиіс. Егер мәлімдеме немесе жаңалық контексте дұрыс көрсетілмесе, ол өзінің шынайылығын жоғалтуы мүмкін. Ақпараттың маңызды ерекшелігі – оның барлық шарттар мен жағдайларына сәйкес келуі.

3. Фото және видео верификациясы

Қазіргі заманда ақпараттың басым бөлігі фото мен видеолардан тұрады. Әлеуметтік желілерде таралған бейнемазмұндар мен фотосуреттердің шынайылығын тексеру үшін Google Reverse Image Search, TinEye, WolframAlpha сияқты

құралдарды қолдану қажет. Әсіресе, YouTube және Vimeo сияқты платформаларда таралған видеоларды тексеру өте маңызды.

4. Уәде қадағалау

Саяси және қоғамдық тұлғалардың берген уәделерінің орындалуын тексеру – фактчекингтің маңызды элементі. Бұл әдіс арқылы халықтың алдындағы міндеттемелерді орындау барысы бақыланады. Уәде қадағалау арқылы, халықтың сенімін қалай қамтамасыз ету керек екенін түсінуге болады. Яки мемлекеттік қызметте

жұмыс істеген әрбір тұлғаның берген уәдесі орындалғанын тексеру қажет.

Қазіргі қоғамда ақпараттық манипуляциялар мен жалған ақпараттың жариялануы кеңінен тараған. Ақпараттың жалған болуы оның шынайылығын бұрмалаумен бірге, қоғамға теріс әсер етеді. Манипуляцияның бірнеше тәсілі бар:

Сатиралық жаңалықтар: Бұл жанр ақпаратты әсерлі және күлкілі етіп жасау арқылы жалғандықты шын деп қабылдауға әкеледі.

Асыра сілтеу мен манипуляция: Ақпаратты белгілі бір эмоциялық реакция туғызу мақсатында қолдану.

Жалған ақпарат: Ақпараттың контекстен жұлынып алынуы, манипуляциялық мақсаттар үшін қолданылуы.

Ақиқатты бұрмалау – бұл адамзаттың ең терең қателігі, ал оны ашу – біздің азаматтық борышымыз, яғни тілшілікті тіршілік еткен азаматтың ісі. Бір сөздер фактчекингтің міндетін дәл анықтайды. Ақпараттың дұрыстығын тексеру қоғамдағы алаңдаушылықты азайтып, шынайы деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сонымен, ақпараттың шынайылығын тексеру – тек журналистер мен қоғамдық ұйымдар үшін ғана емес, әрбір азамат үшін маңызды процесс. Қоғамдық пікірді қалыптастыруда әрқайсымыздың рөліміз бар. Ақпараттық әлемде адалдық – бұл ең үлкен байлық. Себебі фактчекингтің қоғамдағы орны мен маңыздылығын айқындайды. Ақпараттың шынайылығын тексеру арқылы біз қоғамдық пікірге, саяси шешімдерге және өміріміздің барлық саласына әсер етеміз.

Фактчекинг – бұл тек ақпаратты тексеру емес, бұл әділеттілік пен шынайылықты қорғау. Ақпараттық дәуірде біз әрдайым деректердің дұрыстығына сенімді болуымыз қажет.

Азамат САМАТҰЛЫ

САНДЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯ: ҚОҒАМ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРУДЕ?

Бүгінде адамзат бұрын-соңды болмаған қарқынмен өзгеріп жатқан дәуірде өмір сүруде. Бұл өзгерістердің негізгі қозғаушы күші – сандық трансформация. Цифрлық технологиялар өміріміздің барлық саласына еніп, қоғамның құрылымын, адамдар арасындағы қарым-қатынасты, бизнес жүргізу әдістерін, тіпті адамның өз болмысын да өзгертіп жатыр. Сандық трансформация – жай ғана жаңару емес, бұл – жүйелі түрде ойлау мен әрекет ету тәсілдерінің түбегейлі өзгеруі.

Сандық трансформация дегеніміз не?

Сандық трансформация (digital transformation) – бұл цифрлық технологияларды пайдалану арқылы бизнес, үкімет, білім беру, денсаулық сақтау сияқты салалардың жұмысын жақсарту және жаңа мүмкіндіктерді іске асыру процесі. Бұл тек құралдарды енгізу емес, бүкіл ұйым мен қоғам мәдениетін өзгертуге бағытталған кешенді үдеріс.

Қоғамдағы өзгерістер қандай?

1. Білім беру саласы

Бұрынғы «мұғалім – оқулық – сынып» моделі енді «оқушы – цифрлық ресурс – мобильді құрылғы» моделімен алмасуда. Онлайн курстар, виртуалды сыныптар, қашықтан оқыту – бәрі де білімге деген қолжетімділікті кеңейтті. Алайда бұл оқушылар мен мұғалімдерден жаңа цифрлық дағдыларды талап етеді.

2. Жұмыс форматы мен еңбек нарығы

Қашықтан жұмыс, фриланс, гибрид модельдер – пандемиядан кейінгі жаңа

қалыпқа айналды. Кәсіпорындар цифрлық құралдарды (Zoom, Trello, Slack, т.б.) қолдана отырып, қызметкерлермен тиімді байланыс орнатуды үйренді. Енді жұмыс орнына емес, нәтижеге қарай жалақы төленетін заман келді.

3. Денсаулық сақтау

Цифрлық медициналық жүйелер, онлайн кеңестер, телемедицина, электронды денсаулық карталары – денсаулық сақтау саласындағы революция. Бұл пациенттер үшін де, дәрігерлер үшін де тиімді. Уақыт үнемделеді, диагностика сапасы артады, шұғыл ақпарат алмасу жеңілдейді.

4. Мемлекеттік қызметтер

Сандық үкімет (e-Gov), онлайн анықтамалар, мобильді қосымшалар арқылы салық төлеу, азаматтық актілерді тіркеу – бюрократияны азайтып, халыққа қызмет көрсетудің тиімділігін арттырды. Қазақстан да бұл салада айтарлықтай жетістіктерге жетті.

5. Қаржы және банкинг

Цифрлық төлемдер, криптовалюта, онлайн банкинг – қаржы әлемін түбегейлі өзгертті. Адамдар қолма-қол ақшадан

алыстап, қаржылық операцияларды мобильді құрылғылар арқылы жүргізе бастады. Бұл – ыңғайлы, жылдам әрі қауіпсіз тәсіл.

Артықшылықтары мен қиындықтары

Артықшылықтар:

- Жылдамдық пен тиімділік артады;
- Ресурстар үнемделеді;
- Ақпарат қолжетімді әрі ашық болады;
- Инновация мен шығармашылық үшін жаңа алаңдар пайда болады;

Қиындықтар:

- Киберқауіпсіздік мәселесі күшейеді;
- Жаңа дағдылар қажет. Ескі мамандықтар жойылып, жаңалары пайда болуда;
- Цифрлық теңсіздік (жас, аймақтық, әлеуметтік) артуы мүмкін;
- Адамдар арасындағы шынайы қарым-қатынас азаюы мүмкін;

Сандық трансформация – бұл болашақ емес, қазіргі шындық. Ол бізден бейімделуді, үйренуді және жаңа мүмкіндіктерді пайдалануды талап етеді. Бұл өзгерістерді қабылдай білген елдер мен жеке тұлғалар ғана жаһандық бәсекеге қабілетті бола алады.


Сандық дәуір – мүмкіндік дәуірі. Бірақ оны тиімді пайдалану үшін әр адам, әр ұйым, әр мемлекет дайын болуы тиіс.

Зухра ДИУАНОВА,

Жалағаш индустриалды-аграрлық колледжінің жалпы пән оқытушысы

Облыс аумағындағы орман қоры жерінің жалпы көлемі 7 миллион гектар болса, оның 3,8 миллион гектары орманды алқаптарды құрайды. Биыл аймақтағы орман өрті 50 пайызға азайған. Қазіргі таңда оның табиғатқа келтірілген шығыны анықталу үстінде. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында облыстық ТЖД бастығының бірінші орынбасары Жасұлан Түйменов айтты.

ҚАУІПСІЗДІК – БАСТЫ НАЗАРДА



– Биыл өрттің алдын алу және болдырмау мақсатында облыс бойынша құрамында 78 адамы бар 15 мобильді топ құрылды. Олармен бірге қала мен аудандар бойынша 28 рет рейдтік шара жүргізілді. Орман және тоғайлы алқаптарда табиғи өрттің алдын алу бағытында қала, аудан төтенше қызметі тарапынан ауылдық округ әкімдері мен орман шаруашылығы қызметкерлері, шаруа қожалық иелерімен бірлесіп 64 іс-шара ұйымдастырылды. Іс-шараға барлығы 628 адам қатысқан.

Сонымен қатар «Қазақстан Ғарыш Сапары» мекемесінің сайты арқылы департаменттің жедел кезекшісі күнделікті космомониторинг жұмыстарын жүргізеді. Космомониторинг кезінде анықталған белгілер бойынша координаттары нақтыланып, аталған

елдімекеннің жергілікті атқарушы органдарынан ақпарат алынады. Жалпы облыс бойынша орман алқаптарында барлығы 6 503 шақырымға минералды жолақтар жүргізу жоспарланса, қазіргі таңда 500 шақырымына жүргізілген. Аймақта жергілікті атқарушы органның есебінен 31 өрт сөндіру бекеті құрылған. Ол бекеттер 118 298 тұрғыны бар 76 елдімекенді өрт қауіпсіздігімен қамтамасыз етуде. Қазіргі таңда өрт қауіпті кезеңі бойынша профилактикалық шаралар жүргізіліп, тиісті мамандардың қатаң бақылауында, – деді Жасұлан Қалдыбайұлы.

Қауіпсіздік шаралары – болашаққа қам жасаудың берік іргетасы. Сатық шараларын сақтайық!

«АЖ» ақпарат



ТӘТТІ ТҮТІННІҢ ТҰЗАҒЫ

ҰБТ аяқталды, әні-міні дегенше ЖОО-ға құжат тапсыру басталады. Бірақ бір күні демім жиілеп, жүрегім шаншып, өзімді ұстай алмай, құлап түстім. Есімді жисам, ауруханада екенмін. Сол күні бронхиттің бастапқы кезеңі деген диагноз қойылды. Ем қабылдау барысында шылым шегетінімді отбасым білді. Олар менің темекіні қоятынымға үміттенді, ұрысты, айқайлады, тіпті жылап та айтты. Ал сол сәтте денем мен санам бұл затқа қатты тәуелді бола бастаған еді. Тіпті ауырғанымды уайымдап, шылымды бұрынғыдан да жиі шеге бастадым, – деп бөлісті ол.

Оқушы Әділет студент ретінде Астанаға қоныс аударды. Есейді. Қызықты студенттік өмірі басталды. Шылымды тастапты. Бірақ...

– Оқуға түскенде темекіні тастап, зияны азырақ шығар деп, электронды темекіге ауыстым. Алғашында жеңілдеу сияқты еді. Бірақ бұл да ұзаққа бармады. Көп ұзамай вейпке көштім. Қазір ақшамның көбі соған кетеді. Айына санағанда бір студент үшін аз қаражат емес. Бірақ соны сатып алмасам, өзімді жайсыз сезінем. Басым ауырады, жүйкем жұқарады. Біртүрлі ашуға булығам. Шынымды айтсам, өзімді шегіп тұрып та жек көретін сәттер болады. Былтырғы заңға байланысты сатып алу қиындады. Жеке дүкендерде сатылмайды. Бірақ Telegram-дағы арнайы топтар мен жасырын дүкендерден 2-3 есе қымбатқа алып жүрмін. Бірақ мен секілділер оған да үйреніп кеткен.

Биыл қаңтарда басымнан бір жағдай өтті. Қысқы емтихан уақыты. Таңғы сағат үш шамасында оянып кеттім. Бөлменің ішін түтін басып кеткен. Қуаттауға қойған вейпім қызып, жарылуға шақ қалыпты. Құлай сақтап, өрт шыққан жоқ. Бірақ тоқтан алып жатқанда қолым күйді. Осы жағдайдан кейін қауіпсіздікті қадағалайтын болдым.

Ал денсаулығымда, әрине, өзгерістер бар. Өткен жылы қатты ауырып, толық тексеруден өттім. Дәрігерлер түрлі диагноз қойды. Дәрі-дәрмектерді барынша қабылдап жүрмін. Бірақ басым өте қатты ауырады. Ал үйдегілер менің темекіден вейпке ауысқанымды білмейді, – деп қорытындылады Әділет.



Сұхбат барысындағы ең қорқыныштысы, кейіпкер вейптің зиян екенін де, заң тұрғысында дұрыс емес екенін де біледі. Бірақ әдетінен арыла алмайды. Себебі тәуелді.

МАМАННАН ЖАУАП


– Темекі шегу жасөспірімдер арасында қалыптасатын бірінші тәуелділік. Бұл әдеттің қалыптасуы денсаулыққа ғана емес, психологиялық деңгейге де әсер ететіні сіз де білесіз. Жастардың көбі, оның ішінде ер балалар шылымды «Мен ер жеттім», «мен нағыз еркекпін» деп дәлелдеу үшін қолданады. Бірақ бұл әдетті жалғастыру тәуелділікке әкеп соғады. Ал жастар еліктеуге, әдет қалыптастыруға бейім. Сол үшін тәуелділік те тез қалыптасады. Электронды темекі мен вейп қолдануды тренд деп санайтындар да бар, – деді психолог Алина Иванова.

Қызықты дерек, оқиғасын айтқан Әділетпен байланысуға көмектескен адам да вейпер. Оның өзі де «Электронды темекінің зияны жоқ» деп мені көңілдіруге тырысып бақты. Расымен көпшілік арасында осындай түсінік кең тараған. Өкініштісі бұл мифті көбіне жастардың өзі емес, ересектер де құптайды. Олардың көбі вейп

темекіге қарағанда жеңіл балама деп есептейді. Бірақ Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегі бойынша, вейптің құрамындағы никотин мен ароматизаторлар тыныс алу жолдарына қатты әсер етіп, өкпенің құрылымын бұзады. Ең сорақысы вейп арқылы никотин қабылдау жасы кейінгі жылдары 10-11-ге дейін түсіп кеткен. Балалардың санасына «бу» деген ұғым «түтіннен жеңіл» болып енгенімен, миға сіңген никотиннің салмағы ауыр емес пе?! Сондықтан темекі шегудің қауіпсіз түрі жоқ екенін ұмытпаған абзал.

Пульмонолог Ерлан Мәмбетов те сән үшін шегетіндер туралы айтты.

– Темекіден вейпке, электронды темекіге ауысқандар және тек сән үшін пайдаланатындар бар. Ал олардың көбі электронды құрылғының зияны аз деп есептейді. темекі шегудің бастапқы кезеңі жиі бронхиттің белгілерімен көрінеді. Әсіресе, жасөспірімдерде.



Түтін мен зиянды химиялық заттар тыныс алу жолдарын тітіркендіреді, бұл қысқа мерзімде тыныс алу жүйесінің қабынуына әкелуі мүмкін. Темекі шеккенде өкпенің қалпына келуі баяулайды. Ал электронды темекі мен вейп өнімдері де өкпеге зиянды әсер етеді. Мұнда тек никотин ғана емес, сол сияқты құрамындағы түрлі химиялық қосылыстар да қауіп төндіреді. Рак, жүрек пен өкпенің ауруларын тудыруы мүмкін. Вейпті көп пайдаланған сайын, сілекейдің бөлінуі күшейіп, бронхта микробты қақырық жинала бастайды, –деді маман.

БІР КҮНДЕ 8000 ВЕЙП

Былтыр Алматыда 8000-нан астап вейп тәркіленді. Бір күнде. Күдіктілер тапсырысты қарапайым схема жүзінде, яғни, мессенджерлер арқылы онлайн қабылдап отырған. Әрі қарай сатып алушыға курьерлер арқылы жеткізген. Көленкелі бизнес иелері заңсыз тауарды көп қабатты үйлердің жертөлесі мен компьютерлік клубтарда сақтап, жасырын сатып келген. Тағы да Алматыда полицейлер 2 миллион теңгенің вейпін тәркіледі. Мұнан бөлек, Астанада тұрғын үй пәтерлерінің бірінде вейп сатқан 28 жастағы тұрғын анықталған еді. Оның пәтер-қоймасынан 20 мыңнан астам вейп табылған. Интернет-дүкен штатында иесінен бөлек 10 адам: сатушылар, курьерлер, сұрыптаушылар, сатушы-дроппер, ревизор жұмыс істеген.

Биыл ұсталғандар туралы не білеміз? Екібастұздағы пәтерлердің бірінен полицейлер 2500-ге жуық электронды темекі тауып алды. Тыйым салынған заттарды заңсыз сатып, таратқаны үшін 20 жастағы жігіт ұсталды. Ал құрамында никотині бар вейп сұйықтарын сатқан елордалық сот үкімімен Қылмыстық кодекстің 214-бабы 1-бөлігімен заңсыз кәсіпкерлік үшін 100 сағатқа мәжбүрлі еңбекке тарту арқылы, 1 жылға бас бостандығын шектеу жазасына сотталды.

Былтыр вейптерге тыйым салынды. Электронды темекі өнімдерін, хош иістендіргіштерді және оларға арналған сұйықтықтарды сатуға, таратуға, жарнамалауға тыйым салған заң күшіне енді. Вейптердің айналымы үшін қылмыстық жауапкершілік те көзделген. Маусымның 20-нан

бастап күшіне енген заң бойынша электронды темекі өнімдерін сатқан адамға 700 мың теңгеден астам айыппұл салынады немесе 200 сағатқа қоғамдық жұмысқа тартылады. Занда 50 тәулікке қамау жазасы да қарастырылған. Тыйым салынған вейпті елге әкеліп, айналымға жібергендер 7 млн теңгеден астам айыппұл төлейді. Тауардың көлеміне қарай 1200 сағатқа жұмысқа жегіледі. Егер бұл әрекеттерді қылмыстық топ жасаса, 5 жылға дейін бас бостандығын айыру жазасы кесіледі.

БІЗ АЛДАНДЫҚ

Вейперлердің арқасында жасырын дүкендермен сөйлестік. Электронды құрылғының тұтынушысы болып алдандық. Стратегия, құлды толық бір жоба секілді іске асады екен. Вейп сататын дүкеннің жарнамасы таргетке шығады, сол жерде сілтеме арқылы бірден Telegram чатқа кіресіз. Here Telegram? Себебі ондағы деректің құпиялығы жоғары деңгейде сақталады. Білікті хакер болмасаңыз, ол жақтан қосымша ақпарат табу қиын-ақ. Сол үшін «ақыддылар» дәл осы әлеуметтік желіні қолданады. Сілтемеге өттік, чатқа кірдік, «Сәлеметсіз бе, прайс жібересіз бе?» деп жаздық. Дәмі, көлемі мен никотин мөлшеріне байланысты ең арзаны 7 мың теңге екен. Егер күніне жиі қолданамын десеңіз 13 мыңдықты сатып алып, бір ай «дос» бола алады екенбіз. Әрі қарай қалай жұмыс істейді деп, 8 мың теңгенің дүниесін таңдадық. «Заттың жарты бағасын қазір, ал қалғанын вейп қолға тигенде аударасыз. Жеткізу бізден, бірақ бөлек төлейсіз» деп Kaspi картасының номерін лезде жіберді. 4 мың теңге аудардық, мекен жайды жаздық. Бұл 21.00 шамасы еді. Арада 1 сағат өтті. Қайтадан жаздық. 5 секунд ішінде «Бұл онлайн дүкен емес. Сіз алдандыңыз, ешқандай вейп та, ақшаныз да жоқ!» деген хабарлама келді. Телефон экранына телміріп, хабарламаны қайта-қайта оқып тұрғанда, чат өшті де қалды. Ал мұндайда оларды таба да алмайсыз. Себебі жоғарыда айтқандай, Telegram-да дерек табу қиын. Екіншіден, бізде дәлел жоқ. Ал үшіншіден, заңды олар да біледі. Ал заң бойынша сатып алушы да айыпталады. Міне, басымның ауырғанын басу үшін шегемін дегендерді алдап жатқандар да бар екен.

«ШАРУАЛАРЫҢЫЗ БОЛМАСЫН!»

Мамандар да электронды құрылғылардың сәндік үшін жиі қолданылатынын бірнеше рет айтты. Егер 15 жастағы бүгінгі бала электронды темекіні «шаршағанын басу» үшін қолданса, 25 жасында не істейтіні беймәлім. Қазір біз вейппен күресіп жатқан жоқпыз. Біз жастардың ертеңгі өмірі үшін күресіп жатырмыз. Дегенмен мынандай да пікір естідік. «Неге елдің болашағын вейппен, шылыммен байланыстырасыздар? Шылым шегетін жастар әлсіз емес, тәуелді емес. Бұл – тек біздің қызығушылық. Сол үшін біздің таңдауға тиісе бермей, сыйлауларыңызды сұраймын. Вейпер болу күнә емес. Ал денсаулықтың нашарлауы ол біздің мәселе. Бізде шаруаларыңыз болмасын!»

Тынысымыздың құнын 13 мыңға бағалап, бұға тұншыққан болашаққа жол салып жатқан жоқпыз ба? Тәтті түтіnniң тұзағына түсіп, вейп шегіп жүргенде, өмірдің шегіне жетпесек болғаны. Өкініштің дәмі темекіден де ащы екенін ұмытпаңыз!

Әлия ТӘЖІБАЙ

Көктем мезгілі – табиғатпен бірге түрлі жұқпалы аурулардың да белсенділігі артатын кезең.

Солардың бірі – аса қауіпті, өлімге әкелетін жұқпалы ауру – құтыру.

Бұл ауру адам мен жануар арасында табиғи жолмен таралатын, ерекше сақтықты талап ететін дерт.

Қалада иесіз жүрген ит пен мысық санның көбеюі – құтыру ауруының таралу қаупін арттырады. Осындай жануарлар көктем айларында агрессивті болып, адамға шабуыл жасауы мүмкін. Құтырған жануар адамды тістеп, тырнап немесе сілекейі арқылы вирус жұқтырады. Ауру қоздырғышы – РНҚ құрамды рабдовирус – орталық жүйке жүйесін зақымдап, көбіне өліммен аяқталады.

Құтырған жануардың белгілері:

- Тамаққа тәбеті төмендейді, ұзақ шайнап жұта алмайды;
- Ауыздан сілекей ағуы байқалады;
- Тыныс алуы қиындайды;
- Көзі қарауытып, агрессия танытады;
- Су, жарық, дыбыстан қорқу байқалады.

Аурудың негізгі тасымалдаушылары: қасқыр, түлкі, шибөрі, сілеусін, жабайы мысықтар (мәлін), жарқанаттар және иесіз үй жануарлары. Құтыру жағдайларының 60-70%-ы иттер арқылы таралады.

Құтыру қалай жүғады?

- Құтырған жануардың тістеуі, тырнауы немесе сілекейі арқылы;
- Жабайы аңдармен байланыста болған иттер мен мысықтар арқылы;
- Вирус жұққан жануармен тікелей жанасу кезінде.

Құтырудың адамдағы белгілері:

- Ауру 1-3 күн ішінде үрей, қорқыныш, әлсіздік, бас ауруы, жоғары дене қызуымен басталады;

Көктем – құтыру ауруының белең алатын маусымы



Ұйқысыздық, түс көру, мазасыздық;

- Су мен жарықтан қорқу (гидрофобия, фотофобия), ауа қозғалысынан шошу (аэрофобия);
- Жұтыну қиындығы, сілекей ағу, қатты тершендік;
- Галлюцинациялар, сандырақтау;
- Ауру тыныс алу мен жүрек тоқтауымен аяқталуы мүмкін.

Алдын алу шаралары:

- Жарақат алған жағдайда дереу медициналық мекемеге жүгініп, құтыруға қарсы вакцина (антирабикалық егулер) алу қажет;
- Жараны сабынды сумен мұқият жуып, йодпен өңдеу ұсынылады;
- Вакцинация курсы толық аяқталуы тиіс, ал осы кезеңде ішімдік ішуден, ауыр

дене еңбегінен және суықтаудан аулақ болу керек;

– Ит, мысық сияқты үй жануарларын ветеринариялық тексерістен өткізіп, уақтылы вакцинациялау – аурудың алдын алудың сенімді жолы.

Егер адамды тістеген жануар тірі болса – ол 10 күн бойы ветеринарлық бақылауда болуы тиіс. Сол уақытта адамға 3 мәрте вакцина тағайындалады. Ал егер жануар жоғалса не өлсе – 5 мәрте вакцина салынады.

Балаларды үй жануарларынан аулақ ұстап, күдікті жағдайда дереу мамандарға хабарласыңыз. Ауру жануарды өлтірмей, байлап ұстаған жөн – бұл диагностика үшін маңызды.

Есіңізде болсын! Сіздің денсаулығыңыз – өз қолыңызда. Құтыруға қарсы екпе – тегін!



Гүлнәз КАДИРОВА,
Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы балалар жұқпалы аурулар - 2 бөлімінің аға меііргері

ИНТЕРАКТИВТІ ӘДІСТЕРДІ БАСТАУЫШ СЫНЫПТАРДА ҚОЛДАНУ

Қазіргі заманғы білім беру жүйесі оқушылардың шығармашылық қабілеттерін, сыни ойлау дағдыларын және жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға бағытталған. Осыған байланысты, білім беру үдерісінде дәстүрлі әдістерден басқа, интерактивті әдістердің қолданылуы маңызды орын алып жүр. Интерактивті әдістер – бұл оқушылардың өзара әрекет етуіне, белсенді қатысуына негізделген оқыту тәсіл.

Интерактивті әдістердің мәні мен ерекшеліктері

Интерактивті әдістерді қолдану – бұл оқушылардың белсенді түрде оқу процесіне қатысуын қамтамасыз ету. Мұнда мұғалім тек ақпаратты жеткізуші ғана емес, сонымен қатар оқушылардың өзін-өзі көрсетуіне, ойлауына, өз пікірін білдіруіне мүмкіндік жасайтын ұйымдастырушы рөлін атқарады. Интерактивті оқыту әдістері оқушылардың сыни ойлау қабілеттерін арттырып, өзара пікір алмасуға, топтық жұмысқа және шығармашылыққа негізделген.

Бастауыш сыныптарда оқушылардың ойлау қабілеті мен шығармашылық деңгейі әлі қалыптасып келе жатқандықтан, интерактивті әдістер оларды жан-жақты дамытуға зор мүмкіндік береді. Бұл әдістер балалардың табиғи қызығушылығын оятады, оларды тыңдаушы рөлінде белсенді орындаушы рөліне ауыстырады.

Интерактивті әдістердің түрі көп

Топтық жұмыс – бұл оқушыларды шағын топтарға бөліп, олардың бірлесіп жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін әдіс. Әр топқа өздеріне арналған тапсырма беріледі, олар оны талқылап, шешім қабылдап, нәтижесін сыныпқа таныстырады. Бұл әдіс оқушылардың коммуникативтік дағдыларын дамытады, топтық жұмысқа деген жауапкершілікті арттырады.

БАЛАЛАРДАҒЫ ТІСЖЕГІ АУРУЫНЫҢ АЛДЫН АЛУ

Тақырыпты толық ашып талқыламастан бұрын «Тісжегі деген не?» деген сауалға тоқталайық.

Тісжегі – адамзат даму тарихында ежелден келе жатқан аурулардың бірі. Тістерде тісжегінің пайда болуы, таралуы мен қарқындылығына әртүрлі фактор әсер етеді, әсіресе, тұрғылықты аймақтың биогеохимиялық жағдайы, ауыз суда және азық-түліктер құрамындағы фтор және басқа микроэлементтердің мөлшері. Сонымен қатар бір жастан от



төрт жасқа дейінгі балаларда тісжегі ауруы бойынша ерекше қауіптілігі жоғары топтарға жататындығы тағы бар. Балалар эмальының қышқылдардың әсеріне жоғары сезімталдылығы, гигиена негізінің жоқтығы және дұрыс тамақтанбауда кіреді.

Әдебиеттерде балаларда тістің қатты тіндерінің ауруларын болжау туралы зерттеу жұмыстары көп кездеседі. Е.Г. Соколинская (1988) токсикозы қиын өткен жүкті әйелдерден туылған балаларда тістердің тісжегімен зақымдануы бойынша қауіпті топтарды қалыптастыруды және емдеу-алдын алу шараларын жоспарлауды негіздеді. Баланың тістерінің қалыптасуы мен дамуына ананың денсаулық жағдайы тікелей әсер етеді. 37-48 % жағдайда әйелдердің ғана жүктілігі қалыпты өтеді. Көптеген автордың зерттеу стоматологиялық аурулар мен баланың денсаулық жағдайы арасындағы байланыс дәлелденген. 1,5-3 жас арасында балалардың соматикалық аурулармен ауыруы тұрақты екінің үлкен азуды тісжегіге төзімділігін төмендетеді.


Тісжегінің алдын-алуға ауыз қуысы гигиенасының рөлі

Көптеген отандық және шетелдік автор, ауыз қуысының гигиеналық жағдайы мен тісжегінің таралу қарқындылығы арасындағы, сонымен қатар ауыз қуысы гигиеналық жағдайымен пародонт тіндерінің патологиясы арасындағы тікелей байланысын көрсетеді. Зерттеушілер тісжегінің алдын алу бағдарламаларында тістерді тазарту ережелерін үйретуді – Леус Боровский әдісімен, тістерді қорғаныс лак «Беллакпен» жабумен, фторидті ерітінділермен, реминерализациялық ерітінділермен ауызды шаю сеанстарымен біріктіруді ұсынады.

Баланың жасына қарамастан, олардың дұрыс тамақтануына аса мән беру керек. Қытырлақ, газдалған су, қымбат емес тәттілерді жеу, түнге қарай тәтті су, шырындар, сүт ішу баланың тістерінің жүйіне теріс әсер етеді. Сондықтан баланың рационалына қалыңытқан бай препараттарды енгізіп, қарапайым комірсуларға негізделген өнімдерді пайдалануды мүмкіндігінше шектеу қажет. Рационға сүт, сүзбе, қатты ірімшіктерді міндетті түрде қосу қажет, ал витаминдерге келетін болсақ баларға өте тәтті емес жемістерді берген жөн, ал күзгі-қысқы кезеңде витаминді-минералды кешендер міндетті түрде қабылдауын ұмытпаңыз. Сонымен қатар баланы ауыз қуысының гигиенасына үйрету өте маңызды.

Тіс тасасы мен тіс щеткасын дұрыс тандау маңызды рөл атқарады. (Бұл мәселені маманмен шешкен дұрыс болады). Тіс тасасын жұтып қою қауіпін болдырмау үшін ата-ана 7 жасқа дейінгі балалардың тіс тазалау процесін қадағалауы керек. Сонымен қатар гигиеналық өнімдерді үнемі жаңартып отыру керек екенін ұмытпаңыз.

Тағы да айта кететін жайт, тісжегі ауруын болдырмаудың сенімді профилактикасы да, оны дабыты емдеудің де негізі болып табылатын ең маңызды мәселе – тіс тазарту үнемі баруды әдетке айналдыру. Тек маман ғана қажетті ұсынысты уақтылы бере алады, аурудың дамуын уақытында анықтап, оны ерте кезеңдерде тоқтатады.



Жұлдызай МАХАТАЕВА, Тіс дәрігері

Экологияның ластануы адамның денсаулығына, соның ішінде тістеріне де зиянды әсерін тигізеді. Бүгін тіс мәселесін қозғамын келіп отыр. «Бізде неше тіс бар?», «Тамақтан соң жуып, тазалауды ұмытып жүрген жоқпыз ба?» «Тіс жегі қалай пайда болады?» деген сұрақты жас достарыма қойғым келеді. Жауап беруге қиналып тұрсыз ба? Олай болса, тіс дәрігері ретінде тісті қалай күту керек екенін айтып берейін.

ТІСІҢ САУ БОЛСЫН ДЕСЕҢ...

Тісжегі ауруының негізгі себебі дұрыс тамақтанбағандықтан болады. Қантты көп мөлшерде қолдану, ұннан жасалған тәтті тағамдарды көп пайдалану, тамақ құрамында шикі жемістер мен көкөністердің болмауы (оларды шайнау кезінде тістердің өзіндік тазалануы жүреді) тісжегі пайда болуына әкеледі.

Тісжегі – бірқатар қолайсыз факторлардың әсерінен қатты тіс тіндерінің бұзылуының патологиялық процесі болатын, әлемдегі ең көп таралған ауру. Бір жастан он төрт жасқа дейінгі балалар тісжегі ауруы бойынша ерекше қауіп тобына жатады. Балалар эмальінің қышқылдардың әсеріне жоғары сезімталдығы, гигиена негіздерінің жоқтығы және дұрыс тамақтанбау – осының айқын дәлелі. Қазіргі таңда, әсіресе, оқушылар арасында тіс ауруы көп. Көпшілігі тіс жегісі және пародонтит ауруына шалдыққан. Тіпті аурудың асқинуынан балалардың бет сүйегі қисайып кету деректері де жиі кездеседі.

Көптеген ата-ана сүт тістерін емдеудің мағынасыз деп санайды, өйткені олар түсіп, азу тістері сау болып өседі. Бұл олай емес. Егер ауру сүт тісі түсіп қалса, оның орнына ауру жаңа тіс пайда болады. Мұндай ақаулар басқа органдардың жұмысына теріс әсер ететін ағзадағы инфекция болады. Жиі кездесетін тіс ауруларын қарастырсақ. Ауыз қуысы гигиенасын сақтаудың денсаулық үшін маңызы зор. Тіс гигиенасын сақтамаған жағдайда ауыз қуысында түрлі ауру пайда болуы мүмкін. Олар: тіс тасы, тіс жегісі (кариес), тіс ұлпасының қабынуы (пульпит), канжел (пародонтит).

Тіс тасы – тістің бетін қаптап қалатын тамақ қалдықтарынан пайда болатын бактериялар мен сілекей қоспаларының жиынтығы. Сондықтан тісті уақытылы жуып, тазалау керек. Тіс жегісі – балалардағы ең жиі кездесетін мәселелердің бірі. Тістің кіреуке қабатының зақымданып, бір тістің кіреуке қабатының бұл – ауырмайтын, сезілмейтін үрдіс. Ауруды бұл кезеңде емдеп, тоқтатуға болады. Тістің тесігін бітеп (пломба) қана оны одан әрі зақымданудан сақтауға болады. Мұны неғұрлым дер кезінде емдесе, соғұрлым жақсы нәтиже береді. Егер тіс ауруын емдесе, асқынyp микробтар тістің ішкі қуысына жетеді. Жұқа эмаль ересектердегідей балалардың тістерін жеткілікті қорғай алмайды, нәтижесінде кариозды процесс тереңірек еніп, пульпит пен пародонтит туындайды. Ауру бірден бірнеше сүт тістеріне әсер етуі мүмкін.

Одан әрі асқынудан, пульпиттің дамуына әкеледі. Пульпит кезінде тіс суықтан, ыстықтан қатты ауырады. Кейде тіс түбінің сыртың қабаты қабынады. Ол пародонтит деп аталады. Ол пародонтит кезінде тістің қызыл иегі зақымданып, тістен мүлдем айырылып қалу қауіпі бар. Сондай-ақ тіс пен ауызқуысын күту гигиенасын білмеу де тісжегінің туындауына



Пайдасы қандай?

1. Оқушылардың белсенділігін арттыру.

Интерактивті әдістер оқушылардың сабақты тыңдаушы рөлінде қалмауына мүмкіндік береді. Олар белсенді түрде сұрақтарға жауап береді, тапсырмаларды орындайды, өз пікірлерін білдіреді.

2. Шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Рөлдік ойындар мен топтық жұмыстар балалардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал етеді. Олар түрлі жағдайларда шешім қабылдауға, өз көзқарасын білдіруге, жаңа идеяларды ұсынуға үйренеді.

3. Сыни ойлау дағдыларын дамыту.

Интерактивті әдістер балалардың сыни ойлау дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Олар әртүрлі көзқарастарды тыңдап, ақпаратты талдап, қорытынды жасай алады.

4. Коммуникативтік дағдыларды жетілдіру.

Топтық жұмыс және рөлдік ойындар арқылы балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, өз ойын еркін білдіруді үйренеді. Бұл олардың ком-

муникациялық дағдыларын жақсартады.

5. Жеке тұлғаны дамыту.

Интерактивті әдістер балалардың өзін-өзі тануына, жеке пікірін білдіруіне, шешім қабылдауына мүмкіндік береді. Олар өз бетінше ойлап, шығармашылық шешімдер ұсынуға үйренеді.

Интерактивті әдістер бастауыш сыныптарда білім беру процесін қызықты әрі тиімді етіп ұйымдастыруға мүмкіндік береді. Оқушылардың шығармашылық қабілеттері мен сыни ойлау дағдыларын дамытуға ықпал ететін бұл әдістер олардың білім алу процесіне белсенді қатысуына мүмкіндік береді. Мұғалімдер интерактивті әдістерді сабақ барысында тиімді қолдану арқылы оқушылардың білімін тереңдетіп, олардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға үлкен үлес қосады. Интерактивті әдістер қазіргі заманның талаптарына сай, балаларды жан-жақты дамытудың негізі.

Диана ТӨЛЕУОВА,

Қызылорда қаласы «Зерде» жеке жалпы білім беру мектебінің бастауыш сынып мұғалімі

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиегі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнына байқау кеңесінің мүшесі лауазымдық қызметіне конкурстар жариялайды.

Конкурс өткізетін күні: Конкурсты өткізу туралы хабарландыруды жариялағаннан бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн өткеннен кейін.

Конкурс өткізетін орны: Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасы, мекенжайы: Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27, Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының ғимараты, №207 бөлме.

Кәсіпорынның атауы, орналасқан жері, пошталық мекенжайы және байланыс телефоны: «Қызылорда облысы, Шиегі ауданы, Шиегі кенті, Қалмағанбет Жайлыбаев көшесі, №58 тұрғын үй емес мекенжай, байланыс телефоны: 8 (72-432) 4-64-05, e-mail: shiel_auditana@mail.ru денсаулық сақтау басқармасының «Шиегі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Негізгі қызметі: облыс халқына мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсету.

Бақылау кеңесіне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар: Денсаулық сақтау саласындағы шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардағы байқау кеңесіне сайланатын адамдарға қойылатын талаптар жоғары білімнің, сондай-ақ мынадай талаптардың біріні:

1) денсаулық сақтау немесе уйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласында кемінде 5 жыл жұмыс тәжірибесінің;

2) денсаулық сақтау немесе уйым бейіні бойынша және (немесе) экономика/қаржы және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы басшылық қызметте кемінде 3 жыл жұмыс тәжірибесінің;

3) денсаулық сақтау және (немесе) экономика және (немесе) бизнес және (немесе) құқық саласындағы қоғамдық бірлестіктердің мүшесі.

Конкурсқа қатысуға ниет білдірген тұлға конкурстар өткізу туралы хабарландыруда көрсетілген меріміне комиссияға мынадай құжаттарды ұсынуы тиіс:

1) конкурстар қатысу туралы өтініш (еркін нысанда жазылған);

2) қазақ және орыс тілдеріндегі түйіндеме;

3) өмірбаян (еркін нысанда жазылған);

4) үміткердің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

5) жоғары білімі туралы құжаттың көшірмесі;

6) Колекстің 35-бабында көрсетілген еңбек қызметін растайтын құжаттардың көшірмелері;

7) Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің аумақтық бөлімшелері берген сотталуы және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары жоқ екендігін растайтын құжаттар.

Конкурсқа қатысушы өзінің біліміне, жұмыс тәжірибесіне, кәсіби деңгейіне қатысты қосымша ақпаратты (біліктілігін арттыру, ғылыми дәрежелер мен атақтар беру, ғылыми жарияланымдар, алдындағы жұмыс орынын (басшылығынан ұсым) берінуе болады.

Қатысушы конкурстық өтінімін түпнұсқасын «Түпнұсқа» деп белгіленген конвертке салып мөрлейді. Бұл конвертке қатысушының тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және мекенжайы көрсетілуі тиіс. Содан кейін конверт сыртқы конвертке салынып мөрленеді.

Ішкі және сыртқы конвертер:

1) шақыруда немесе мерзімдік басылмадағы ақпаратта көрсетілген мекенжай бойынша тиісті саладағы уәкілетті органға (жергілікті атқарушы органға) бағытталуы;

2) «Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасының «Шиегі аудандық көп бейінді орталық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорнының байқау кеңесі мүшелерінің конкурстары» және «10.05.2025 жылға дейін ашуға болмайды» (шақыруда немесе мерзімдік басылмада көрсетілген конвертті ашу күні мен уақыты) деген сөздерді қамтуы тиіс.

Конкурсқа қатысу қажетті құжаттар хабарландыру жарияланған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн аралығында Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 27-үй мекенжайы бойынша Қызылорда облысының денсаулық сақтау басқармасына тапсырылуы тиіс.

Анықтама үшін байланыс телефоны: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Управление здравоохранения Кызылординской области объявляет конкурс на занятие должности члена наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Шиегский многопрофильная центральная районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области.

Дата проведения конкурса: по истечении 30 (тридцати) календарных дней со дня объявления проведения конкурса.

Место проведения конкурса: управления здравоохранения Кызылординской области, адрес: город Кызылорда, проспект Абая, 27, здание областного управления здравоохранения Кызылординской области, кабинет № 207.

Наименование предприятия с указанием места нахождения почтового адреса, телефона: Коммунальное государственное предприятие на праве хозяйственного ведения «Шиегский многопрофильная центральная районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области, 120700, Кызылординская область, район Шиеги, поселка Шиеги, улица Калмағанбет Жайлыбаев №58, контактный телефон: 8(72-432)4-64-05, e-mail: shiel_auditana@mail.ru

Основная деятельность: оказание специализированной и высокоспециализированной медицинской помощи населению области.

Требования, предъявляемые к лицам, избираемым в наблюдательный совет в государственных предприятиях на праве хозяйственного ведения в сфере здравоохранения, включают наличие высшего образования, а также одного из следующих требований:

1) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права не менее 5 лет;

2) наличие опыта работы в сфере здравоохранения или по профилю организации и (или) экономики/финансы и (или) бизнеса и (или) права на руководящей должности не менее 3 лет;

3) членство в общественных объединениях в сфере здравоохранения и (или) экономики и (или) бизнеса и (или) права.

Перечень документов, которые необходимо представить для участия в конкурсе:

1) заявление об участии в конкурсе (в произвольной форме);

2) резюме на казахском и русском языках;

3) автобиография (в произвольной форме);

4) копия документа, удостоверяющего личность кандидата;

5) копия документа о высшем образовании;

6) копии документов, подтверждающие трудовую деятельность, указанные в статье 35 Кодекса;

7) документы, подтверждающие отсутствие судимости и коррупционных правонарушений, выданные территориальными подразделениями Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан.

Участник конкурса может представить дополнительную информацию, касающуюся его образования, опыта работы, профессионального уровня (копии документов о повышении квалификации, присвоении ученых степеней и званий, научных публикациях, рекомендациях от руководства предыдущего места работы).

Участник запечатывает оригинал конкурсной заявки в конверт, помечив его: «Оригинал». На этом конверте указывается фамилия, имя, отчество (при его наличии) и адрес участника. После этого конверт запечатывается во внешний конверт.

Внутренний и внешний конверты должны:

1) быть адресованы уполномоченному органу соответствующей отрасли (местному исполнительному органу) по адресу, указанному в приглашении или информации в периодической печати;

2) содержать слова «Конкурс членов наблюдательного совета коммунального государственного предприятия на праве хозяйственного ведения «Шиегский многопрофильная центральная районная больница» управления здравоохранения Кызылординской области» и «Не вскрывать до 10.05.2025 года» (дата и время вскрытия конвертов, указанных в приглашении или информации в периодической печати).

Необходимые для участия в конкурсе документы должны быть предоставлены в течение 30 календарных дней с момента публикации данного объявления в управления здравоохранения Кызылординской области по адресу: город Кызылорда, проспект Абая, 27.

Телефон для справок: 8 (7242) 40-04-51 (3007).

Арайлым МАҚАШОВА,
Тіс дәрігері



Ойнап жүріп, табыс табатындардың тізімі артқан...

Ойлаңызшы, өзіңіз ойын ойнайсыз және бұл уақытыңызға ақша төлейді. Бірақ ойланып ойнауың қажет. Бұл саланы бір сөзбен айтқанда – киберспорт деп атайды. Сіз уақытыңызды арнап ойын клубтарына барып, одан қалды, ойнағаныңыз үшін ақша төлеп жүрсеңіз, ал геймерлер бұл саладан табыс көзін іздейді. Өзін спортшы ретінде санайтын ойыншылар виртуалды әлемге ене кетіп, стратегиялық тактикаларды пайдалана отырып, қарсыласының осал тұсын аңиды.

Бүгінде бұл саланың арнайы федерациясы бар. Басшылық құрамы, әр өңірден іріктелген ойыншылары және ұйымдастырушы мамандары да қамтылған. Киберспортқа мемлекет тарапынан нақты қаржы көзі қарастырылмаған. Қазіргі министрлік құрамына кіруді көздейтін федерация түрлі амалдарды қолдануда. Бұл туралы Киберспорт федерациясының жобалық менеджері Бибарыс Серіков хабарлады.

Киберспорт – қазіргі жастарға таңсық емес. Себебі әр өңірде тұрақты түрде арнайы жарыстар өтеді. Басты мақсатымыз – спорт министрлігінің құрамына кіріп, ресми чемпионаттарды ұйымдастырып, спортшыларымызға арнайы атақ беру. Бүгінде федерацияның құрамында әр өңірден жасақталған 60-тан аса спортшы бар. Ең жасы 13-те болса, үлкені 40-қа таяды. Бұл спортшылар ішкі турнирлерде топ жарып, өздерін дәлелдеген ойыншылар. Алайда бұл азаматтарға арнайы жалақы қарастырылмаған. Киберспортшылар турнир барысында ұтысқа тігілген жүлдеге таласады. Федерация «Huawei» сынды ірі компаниялармен жұмыс істеп, демеушілер тартса, букмекерлер тарапынан федерацияға ұсыныс жиі түседі, – дейді.

Ресми мәліметтерге сүйенсек, Қазақстан құрамасы «Dota», «CSGo», «Pugb Mobile» сынды ойындарда әлем үздіктерінің қатарынан көрінеді. Мәселен, «Авангард» командасы туралы естіген боларсыз. Халықаралық турнирлерде топ жарып, Қазақстан құрамасының абыройын асқақатқан мықты команданың бірі. Қазіргі таңда команда тарап, спортшылар әлемнің фаворит клубтарына келісім-шарт негізінде ауысқан. Есесіне, ел мерейін «Новак» командасы әлемдік ареналарда үстемдетіп келеді.

Байқағаныңыздай, біздің елде ойын индустриясына қатысты ресми қолдау аз. Ал басқа мемлекеттерде бұл сала жоғары деңгейде дамып келеді. Мысалы, Корея, АҚШ, Қытай және көптеген еуропалық елдердің ойын индустриясы зер салып көрейік.

Оңтүстік Корея – бұл ел «eSports»-пен ойын индустриясының алдыңғы қатарында тұр. Кореяда ойындар кәсіби спорт ретінде қабылданады. Тіпті көптеген жоғары оқу орны мен мемлекеттік мекемелер осы саланы дамытуға арналған бағдарламалар құрады. Бұл елде үлкен халықаралық турнирлер өткізіліп, ойыншылар мен стримерлер үлкен қолдауға ие.

АҚШ – мұнда ойын индустриясы кинематограф пен музыка өнерімен бірге үлкен экономикалық күшке айналды. Америкада көптеп жұмыс істейтін ойын студиялары, миллиондаған жанкүйері бар кәсіби ойыншылар және үлкен ауқымды турнирлер бар. Сондай-ақ АҚШ-тың кейбір университеттерінде ойындар бойынша арнайы мамандықтар қарастырылған.

Қытай – Қытайдың киберспорты тек ішкі нарықта ғана емес, халықаралық деңгейде де үлкен көлемге ие. Қытай үкіметі ойындарға қатысты түрлі шараларды қолдап, жанкүйерлер мен ойыншылардың санын арттыруға күш салуда. Сонымен қатар Қытайда «eSports»-қа арналған арнайы арналар мен ауқымды чемпионаттар ұйымдастырылады.

Спорт десе ішкен асын жерге қоятын – Еуропаның халі қалай? Германия, Франция, Ұлыбритания сияқты елдерде де ойын индустриясы қарқынды бәсеңсіген емес. Олар тек ойындардың өзін, сонымен қатар ойын стримінгін, киберспортты және ойындар арқылы білім беру саласын дамытуды да қолдайды. Сондай-ақ бағыт бойынша да арнайы мамандармен жұмыс істеп, стратегиялық бағытын айқындауда.

Егер еліміз ойын индустриясын жоғарыда мысал келтірген мемлекеттер секілді дамытса, ол жастарды ынталандырып, экономикаға да оң әсерін тигізер еді. Қазіргі уақытта әлемде ойын индустриясы жыл сайын миллиардтаған доллар табыс әкеліп, көптеген елдің экономикасына елеулі үлес қосып отыр. Ендеше біздің елде де осы саланы дамытуға үлкен мүмкіндік бар.

Осылайша өзге елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, елімізде Қазақстанның ойын индустриясын дамыту қажеттілігін көрсетуге болады. Нәтижесінде мықты киберспортшылар жасақталып, әлемнің алпаут елдерінің алдында мемлекеттің мәртебесі көтерілетіне сенім мол.

Айдос МЫРЗАЛЫ

ҚАЗІРГІ ЗАМАННЫҢ СПОРТТЫҚ ТРЕНДІ: КИБЕРСПОРТ ПЕН ОЙЫН ИНДУСТРИЯСЫ

1-бетте

– Жастардың еңбек нарығына бейімделуіне, кәсіпкерлікке қадам басуына және өз әлеуетін дамытуға ықпал жасау, сондай-ақ жастар саласында жүзеге асырылып жатқан жобалар мен бағдарламалар туралы кеңінен кеңес беру мақсатында «Мансап» орталығымен бірлесіп, жұмыссыз жастарға, оқу орындарын бітіруші түлектерге арналған «Адал еңбек – адал табыс!», «Жұмысшы мамандықтарға Жаңа мүмкіндік!» тақырыптарында 4 мәрте «Мүмкіндіктер керуені» іс-шарасы, бос жұмыс орындары жәрмеңкесі және «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай мектеп бітіруші түлектерге кәсіби бағдар беруге арналған «Ашық есік күні» іс-шаралары ұйымдастырылды.

Аталған іс-шараға Қызылорда қаласы бойынша 3000-ға жуық жас қамтылып, 70-ке жуық жұмыс беруші мекемелерден 604 бос жұмыс орындары және өзге өңірдегі 67 мекемеден 800-ге жуық вакансия ұсынылды. Нәтижесінде 74 жасқа тұрақты жұмысқа орналасуға жолдама берілді, – дейді.

Осы негізде редакциялық құрам «Жұмыс керек» атты қала жастарының арасында әлеуметтік сауалнама жүргізген болатын. Нәтижесінде 80% жастар мемлекеттік мекемелерден бас тартқан. Тұрақты жұмыс істеп, басшының қарамағында қатаң тәртіпке бағынғысы келмейді. Ал жанына жақын жұмысты іздеп, уақыт жоғалтқан азаматтар табыс көзінің жаңаша бір бағытын зерттеп жүрміз дейді.

Арманы бөлек, талғамы басқа...

Жасы 20-дан асып, жұмыссыз ретінде танылған жас бүгінде тұрақты жұмысқа орналасқысы келмейді. Себебі оның арманы бөлек, талғамы басқа. Заман талабын сараптаған 16 жастағы жастар желінің толық мүмкіндігін пайдаланғысы келеді. Қазірдің өзінде ЖИ-мен жұмыс істеп, табыс көзіне айналғандықтар бар. Соның бірі – Рашид Мырзахмет. Ол мектеп жасынан саланың 70 пайызын меңгеріп, қазірдің өзінде аутсорсинг компаниялармен келісім-шарт негізінде жұмыс істейді.

– Менің қызығушылық танытқаным көп уақыт болмады. 16 жасқа толған уақытта ата-анам сыйлаған ноутбуктың нәтижесінде осы салаға қызығушылық артты. Қазір айналысып жүргеніме 1 жылға жуықтады. 3 компаниямен жұмыс жасаймын. Бастапқыда суреттерді өңдеп, сыныптастарыма сатқан болатынмын. Бүгінде мен жұмыс істейтін ЖИ үлкен табыстың көзіне айналды. Алайда әкем дәрігер болғанымды қалайды. Бірақ менің мақсатым бөлек. Мүмкін алдағы уақытта медицина саласында ЖИ-дың мүмкіндігін пайдаланатын күшке ие болармын, – дейді болашақ ғалым.



БӘСІ БИІК БОКСШЫЛАР

Сәуір – қазақ үшін ерекше ай. Оның бір себебі 4 сәуір – Сидней олимпиадасының чемпионы, даңқты боксшы Бекзат Саттархановтың туған күні. Қазақ боксының тарихындағы тұңғыш олимпиада чемпионы арамызда болғанда 45 жасқа толар еді. Жиырма жасында жұлдыздай жарқ еткен жас боксшы 143 жекпе-жек өткізіп, оның 132-де жеңіске жеткен еді. Үлкендер мұндай дарын иесі туралы жиі сөз қозғап, «ізбасарлары бар ма екен?» деп те айтатынын еститінбіз. Ендеше қазақ боксындағы жаңалықтарға тоқталсақ.

Сербия. Наурызда өткен Әлем чемпионаты. Ниш қаласында әйелдер жұлдырғасты. Өткен жылдарға көз тастасақ, әйелдер арасында өткен Әлем чемпионатында қазақтың

қанжығасына 10 жылға жуық уақыт бойы алтын түспеген екен. Ал биыл бас-аяғы Әлем чемпионатына 12 қазақ қызы келген. Ширек финалға 10, жартылай финалға 6, ал финалға 5 аруымыз өтті. Нәтижесінде бөрікті аспанға лақтыратын чемпионат болды. Былғары иелерінің арасында 3 қазақ қызы қанжығаларына алтын байлады. Әлемдік аренада қазақтың гимні 3 мәрте шырқалды. Назым Қызыбай, Алуа Балқыбекова мен Аида Әбікеева алтын медаль иеленді. Ал Виктория Графеева мен Елдана Талипова күміс, Наталья Богданова қола жеңді. Турнир барысында жерлестеріміз 35 жекпе-жек өткізіп, оның 26-сында жеңіске жетті. Ал Қазақстан бұл чемпионатта жалпыкомандалық есепте екінші орынға тұрақтады. 1-орында Ресей. Орыс қыздары 4 алтын, 2 күміс, 2 қола ұтты. Ал біздің арулар 3 алтын, 2 күміс, 1 қола иеленіп, 2-орынды жежеледі. Түркиялықтар 1 алтын, 2 күміс, 2 қоламен үшінші орынға тұрақтады. Жеңімпаздардың арасындағы Назым Қызыбай Қазақстан тарихындағы тұңғыш үш дүркін әлем чемпионы атанды. Ол бұған дейін 2014 және 2016 жылдары әлем біріншілігінде топ жарған. Мемлекет басшысы Назымды әлем чемпионатындағы тарихи жеңісімен құттықтап, оған зор табыс тіледі.


– Назым Қызыбайды отандық бокс тарихында тұңғыш рет үш дүркін Әлем чемпионы болуымен құттықтаймын. Бұл – айтулы жетістік! Сербиядағы Әлем біріншілігінде үздік нәтиже көрсеткен Ұлттық құрама мүшелеріне алғыс айтамын. Спортшы қыздарымыздың алдағы уақытта да үлкен жеңістерге жете беруіне тілектестік білдіремін, – деді Президент.

Бразилия. Әлем кубогіне қатысқан отандастарымыз ел қоржынына 6 медаль салды. Оның үшеуі – алтын. Әйелдер арасында 51 келідегі Жазира Орақбаева өзге аруларды басымдықпен ұтты. Алғашқы алтынды да Жазира салды. Кейін бұл жеңісті Дәулет Төлемісов пен жерлесіміз Нұрсұлтан Алтынбек жалғады. Нұрсұлтан 55 келі салмақта бокстасып, финалда өзбекстандық Мираризбек Мирзахалиловпен бақ сынады. Нәтижесінде басым түсіп, мұхитың ар жағында әнұран шырқалды. 85 келідегі Дәулет финалда Ақмалжон Исраиловты жеңді. Міне, қоржындағы алтын түгелденді. Бұдан бөлек, Ұлжан Сәрсенбек, Диас Молжігітов және Даниял Сапарбай қола еншіледі.

Шетелдегі додамен қатар Елорда төрінде әлем көз тіккен кәсіпқой бокс өтті. «Барыс-Арена» спорт кешенінде де жерлестер біршама жетістікке жетті. Мысалы, Махмұд Сабырхан кәсіпқой бокстағы дебютін жеңіспен аяқтады. Ал Төрехан Сабырхан Иржи Хаукеңі мерзіміне бұрын нокаутпен жеңді. Ал IBO, WBO тұжырымы бойынша орта салмақтағы әлем чемпионы Жәнібек Әлімханұлы француз Анауэль Нгамиссенгуге жұлдырықтасып, бесінші раундта техникалық нокаутпен жеңіске жетті.

Міне, кейінгі бір айдағы жетістік пен жаңалық легі осы. Спортшылардың жұлдызы жанып, бағындырар биігі көп болсын дейміз.

Динара ЖҰМАДІЛ,
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда университетінің студенті





КВЕСТ: ҚИЯЛ МЕН ШЫНАЙЫЛЫҚТЫҢ ТҮЙІСКЕН ТҰСЫ

Адам баласының табиғаты жұмбаққа, тылсымға, белгісіздікке ынтызар. Ерте заманда ата-бабаларымыз тауда жасырынып жатқан асыл қазынаны іздесе, бүгінгі ұрпақ сол жұмбақ әлемін квест арқылы бағындыруда. Квест – жай ғана ойын емес. Бұл – ой мен сезімнің, ақыл мен еріктің, шынайылық пен қиялдың тоғысқан мекені.

Квест – мақсатқа жету жолында түрлі тапсырмаларды орындап, логикалық түйінді шешіп, шындық пен өнер әлемін байланыстыратын ерекше ойын формасы. Ол адамның тек логикасын ғана емес, шығармашылық қабілетін, эмоциялық зердесін, ұжыммен жұмыс істей білуін сынайды.

Квесттің тарихына үңілетін болсақ, оның идеясы тым тереңде. Қазақ эпостары мен аңыздарындағы батырлар бастап өткерген сынақтары – квесттің көне үлгісі десек, қателеспейміз. Біз байқамауымыз мүмкін, алайда оның көрінісін баяғыдан көріп келеміз. Мәселен, Ер Төстік жер асты патшалығына түсіп, Қолжан сұлулы құтқаруға аттанған сапары нағыз шытырман квест емес пе?!

Қазіргі замандағы квест ХХ ғасырдың соңында, алдымен компьютерлік ойындар ретінде өмірге келді. Zork, Myst, Monkey Island сынды ойындар адамды шешім қабылдауға, жүйелі ойлауға, ізденуге үйретті. Кейін бұл ойындар шынайы өмірге еніп, қашып шығу бөлмелері (escape room), виртуалды шындық (VR), командалық ойын түрінде жан-жақты дами бастады.

Ал сіз квесттің психологиялық және әлеуметтік әсері туралы білесіз бе? Квест адамды жаттанды ойдан арылттып, шығармашылықпен әрекет етуге баулиды. Әрбір тапсырма – кішкентай сынақ. Ол логика, байқағыштық, талдау, шешім қабылдау қабілеттерін жетілдіреді. Ал ұжыммен бірлесіп шешілетін квест адамдардың бір-біріне деген сенімін нығайтып, үйлесімділікке үйретеді.

Кейінгі жылдары квест оқу процесінде де қолданылып жүр. Бұл – білім беру мен ойынның тиімді синтезі. Мәселен, оқушылар тарих сабағында «Шыңғыс ханның сарайынан» құтылып шығу үшін тарихи деректерді пайдалануы мүмкін. Бұл – баланың пәнге деген қызығушылығын арттырып, есте сақтау қабілетін күшейтетін керемет әдіс.

Квест жанрының ішіндегі ең ерекше әрі даулы түрі – қорқынышты квест. Мұнда қатысушылар қараңғы туннельдермен жүріп, шошытарлық дыбыстарды тыңдап, көзге көрінбес қауіппен бетпе-бет келеді. Қас-қағым сәтте есіктің ар жағынан біреу атып шыққанда, жүрек дүрсілдеп, бүкіл сезім жүйесі стрессті күйге түседі.

Мұндай квестте көбіне қорқынышты фильм кейіпкерлерінің бейнесіндегі актерлар жүреді. Олар адамды қорқытады, кейде шындық пен иллюзияның арасын ажырату қиын болады. Квест барынша эмоция берсін деген ұйымдастырушылар арнайы шокер секілді қауіпті құралдарды пайдаланады. Бірақ бұл қызықтың екінші жағы да бар. Қорқынышты квест психикасы әлсіз адам үшін ауыр болуы мүмкін. Ұрей, фобия, ұйқысыздық секілді жайсыз сезімдер, әсіресе, жасөспірімдер мен эмоционалды тұрақсыз жандар үшін қауіпті. Сондықтан квестке қатысу алдында адамның жас ерекшелігі мен психологиялық жағдайы мұқият ескерілгені жөн.

Әрине, бұл жанрдың жақтастары да жеткілікті. Олардың айтуынша, қорқынышпен қауіпсіз ортада бетпе-бет келу – адамның өз үрейін жеңуге мүмкіндік береді. Бұл – өзін-өзі тану мен ішкі күшті ашудың таптырмас жолы. Алайда бәрі шектеулі деңгейде болғанда ғана пайдалы екенін естен шығармаған жөн.

Квест – бұл адамның өз-өзімен, ортадағы басқа адамдармен және белгісіздікпен бетпе-бет келуі. Ол қиындықты жеңуге, логикалық ойлауға, ұжыммен жұмыс істеуге жөне ең бастысы – өз ішкі әлемін тануға көмектеседі. Ал қорқынышты квесттерді таңдауда сақтық қажет – олар қызық пен қауіптің екіұшты жолағында орналасқан.

Қорлан САРЫ



76 жастағы хореограф Ерсін Жүсіпов – мың бұралған биімен де, темірдей тәртібімен де шәкірттерін тәнті етіп жүрген бірегей ұстаз. Жарты ғасырға жуық уақытын ұлттық биді дәріптеуге арнаған ол бүгінге дейін жүздеген биші тәрбиелеген. Қазірдің

өзінде 65 оқушысы бар қария тоқтауды ойламайды.

Ол – Қостанай облысының тумасы. Мектепте химия мен биология пәнінен сабақ берген мұғалім Ерсін ағайдың биге бет бұруы да кездейсоқ болған. Сол жылдары партия жолдамасымен қалалық мәдениет үйіне жіберілгеннен

ЖАСТАҒЫ ХОРЕОГРАФ: АЛҒАШҚЫ ШӘКІРТІМ — ҚЫЗЫМ

Жақында әлеуметтік желіде бүлдіршіндерге халық биін үйретіп жатқан қарияның видеосы тарады. Желі қолданушылары қарт кісінің қимылына сүйсініп, біршама пікір қалдырды. Ерекше ықыласпен биді үйреткен жанның кім екені бізді де қызықтырды.

кейін, өмірлік махаббаты – би өнері басталған екен. Бүгінде «Болашақ» өнер-білім спорт мектебінде екі ансамбльді жаттықтырып жүр.

– Балалармен жұмыс істеу маған ерекше қуаныш сыйлайды. Шаршап тұрсам да, дайындық кезінде бәрі ұмытылып кетеді. Би өнерінің күдіреті сол шығар... Биге кеш келсем де, жүрепкен келдім. Ұлттық бидің әр қимылы – тарих. Әр ырақта халықтың мінезі жатыр, – дейді Ерсін Жүсіпов.

Ұстаздың ерекше әдісі әр жастағы баланы еліктіріп әкетеді. Сабақтары тәртіп пен махаббатқа негізделген. Шәкірттері де «Ерсін ағай әр қимылды жеке түсіндіреді» дейді.

Иә, кейіпкеріміздің хореограф болуы кездейсоқ болғанымен, биге икемі бұрыннан болған екен.

– Институтта жүргенде бимен де айналысатынымын. Мектепке химия

пәні мұғалімі ретінде келгенде де биді ұмытпадым. Алғашқы шәкіртім – қызым. Екінші сыныбынан бастап әке мен қызы болып бірге билейтінбіз. Түрлі байқауға қатысып, Түркияға дейін бардық. Ал бесінші сыныбынан бастап би үйірмесіне қатысты, – дейді ол.

Ерсін Жүсіпов – «Болашақ» орталығындағы ең үлкен қызметкер. Ондағы қызметкерлердің айтуынша, хореографтың талғамы бөлек, жауапкершілігі жоғары.

Сұхбаттарының бірінде ол дайындықтан қайтқанда аяғын баса алмайтын кездері болатынын жасырмады.

Иә, мұндай жасқа келіп, баламен жұмыс істеу нағыз ерлік. Жасы емес, жігері алда жүрген хореографтың өмір жолы жас мамандарға да, оқушыларға да шынайы шабыт болары сөзсіз.

Инжу МАРЖАН

ЖАСТАР ҚАНДАЙ КИНО КӨРІП ЖҮР?

Кино – өнердің ең ерекше түрі. Француздық сценарист Жан-Клод Карьер: «Кино – бұл ақылдың ең тамаша көрінісі, себебі ол бізді ойлануға мәжбүр етеді» деген. Бұл пікірмен келіспеу қиын. Кино – жаңа көзқарас, жаңа түсінік, қиял мен ескінің тоғысуы. Ол өткенді жаңғыртып, жаңа мән-мағына беретін қуатты құрал. Әлемдік классиканың үздік туындылары ғасырлар бойы өзгермейтін құндылықтарды көрерменге ұсынады. Ал бүгінгі қазақ киносы бізге нені дәріптейді?

Жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Бұрабайда өткен Ұлттық құрылтайдың IV отырысында отандық фильмдер мен мультфильмдерге қатысты өз пікірін білдірді.

– Тағы бір түйткіл – қазір кинотеатрда көрсетілетін фильмдерге қатысты қоғамдық сын бар. Былтыр (2024 жылы) қазақстандық мамандар түсірген 94 фильм шыққан, яғни, негізінен өзіміздің өнім шығарылып жатыр. Бұл – жақсы үрдіс. Бірақ біз ең алдымен санға емес, сапаға көңіл аударуымыз керек. Көрерменнің көңілін көтеріп, күлкі сыйлау – бір бөлек, жағымсыз әдеттерді насихаттау – бір басқа.

Зорлық-зомбылықты, қатыгездік пен қылмысты насихаттайтын фильмдер де пайда болды. Осы жерде бір нәрсені ескерген жөн.

Бүгінде фильмдердің басым көпшілігі мемлекеттік тапсырыспен емес, жеке қаржыға түсірілуде. Кино маңызды идеологиялық құрал екенін біріміз жақсы білеміз. Сондықтан жеке қаржыға түсірілсе де, фильмді кинотеатрға шығармас бұрын алдын ала сүзгіден өткізу жолдарын қарастырған жөн, – деді Мемлекет басшысы.

Қазіргі қазақ кино саласында ауқымды аудитория жинап жатқан сериалдардың бірі – «Келінжан» және «Аппақ келін». Бүгінгі отандық сериалдардың көпшілігі біркелкі. Келін мен ене арасындағы қақтығыс, мағынасы таяз комедия, бір-біріне ұқсас сюжет. «Сорлы келін мен күн көрсетпейтін ене» образы тым көп қайталанып, тұрмыстық зорлық-зомбылықты қалыпта жағдай ретінде көрсететіндей әсер қалдырады. Мұндай фильмдер отбасылық құндылықтарға қатысты қате түсінік қалыптастырып,

қазақ әйелінің рөлін төмендетіп жібергендей көрінеді. Мәселен, «Келінжан» сериалында Балқия отбасын сақтап қалу үшін өз арынан аттап, күйеуінің тарапынан жасалған опасыздықты кешіреді. Бұл отбасының іштей құлдырауы емес пе? Ең өкініштісі, бұл сәттерді көрермендер тек «комедия» бөлігі ретінде қабылдайды. Ал оқиғаның мәні ұмытылып кетеді. Уақыт өте келе көрермен мұны қалыпты жағдай ретінде қабылдасуына кепілдік жоқ.

Комедия жанрында кино түсіріміз деп, арзан күлкіге айналған фильмдер де аз емес. Мысалы, «Той любой ценой», «Бишарашки в Тайланде», «Күйеуіме тоқал іздеймін», «Родной», «Кәрі қыз», «Такиясыз періште». Кинотеатрда залды толтырғанымен, бұл фильмдердің берер тәрбиесі мен қоғамдық мәні ауыз толтырып айтарлықтай емес.

Одан бөлек, біз тұрмыстық сериал мен фильмнен арыла алмай жүрміз. Айталық «Маған назар аудар», «Бөлек шығайық» секілді фильмдер. Бұл туындылардың айтар ойы жоқ деп айта алмаймыз. Алайда «Келін құл емес» деген тұжырымды қайта-қайта қозғай бергеннен халық өз ойын өзгертпеді ме? Әлеуметтік теңсіздік туралы қанша фильм түсірілгені өзінде, бұл тақырыпты астарлап, жаңа қырынан қарастыру қажет. Себебі біз мұндай оқиғаларды тек «комедия» ретінде қабылдап, көтерілген мәселені көрген жерде ұмытып кетеміз.

Екінші үлкен мәселе – қазақ киносының тілдік деңгейі. Көптеген фильмде диалогтар шала қазақша

жазылады, кейде фильм тіпті толық орысша түсіріледі. Бұл қазақ тілінің қолданысын шектеп қана қоймай, көрерменнің тілге деген құрметін төмендетеді. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілерсін» демекші, киноның көрермені тек ересектер ғана емес, жасөспірімдер. Ал кино олардың санасында үлкен із қалдырады.

Қазір ыммен түсіндіретін мультфильмдердің салдарынан балалардың сөйлеу қабілеті тежеліп келе жатыр. Жасөспірімдерде де дәл солай. Олар не көрсе, соған әуес болады. Ал киноның тілдік ерекшелігі болмағандықтан, олар экрандағы кейіпкерлер секілді сөйлейді.

Қазір «Пленники» секілді жаңа форматтағы сериалдар да көбеюде. Бұл туынды өте ауыр және өзекті мәселелерді қозғайды. Алайда бұл фильм қазақ көрерменіне тек орыс тілінде ұсынылуда және олардың көпшілігі лексиканың дұрыс қолданылмағандығынан көрерменге жағымсыз ықпал етеді. Мұндай күрделі тақырыптарды қазақ тілді көрерменге ана тілінде жеткізу маңызды емес пе?

Дегенмен кейінгі жылдары қазақ киносы сапа жағынан өсу үстінде деп те айтуға болады. Мысалы, «Томирис» фильмі тарихи деректерге сүйеніп, ұлттық рухты көтере алды. «Ұлы дала зары» фильмі апаршылық тақырыбын қозғап, қазақ тарихындағы ең ауыр кезеңді көрерменге жеткізе білді. Ал «Оян, қазақ!», «Ахмет – ұлт ұстазы», «Мағжан. Мен жастарға сенемін!» фильмдері Алаш арыстарының рухын бір кадрға сыйғыза алды. Бұл – қазақ киносының дұрыс бағытта дамып келе жатқанының айғағы.

Осындай сапалы кино-сериалдардың саны артса, біз стереотиптерден арылып, жаңа дәуірге сай сапалы, құнды дүниелер көре аламыз. Сонымен қатар олардың ұтымды, танымды болуы үшін орысша болуы шарт емес. Мұндай фильмдерді кейіннен басқа тілдерге аударып, дыбыстауға болады.

Кино – халықтың айнасы. Егер біз ұлттық киноның сапасын арттыра алсақ, онда мәдениетімізді, тілімізді және рухани құндылықтарымызды да сақтай аламыз.

Мерей ШӘКРАТ,

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенті